

**Лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға  
көмектескен ақпаратты бергені үшін сыйақы төлеу және бекіту  
ережесі**

**1. Жалпы ереже**

1. Лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты бергені үшін сыйақы төлеу және бекіту ережесі (бұдан әрі – Ереже), Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Лаңкестікке қарсы әрекет туралы» Заңының 9-бабы, 3-тармағына сәйкес дайындалып, лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты бергені үшін тұлғаға сыйақы төлеу және бекіту тәртібін анықтайды.

2. Аталған мақсатта лаңкестікке қарсы әрекет ететін мемлекеттік өкілетті орган (бұдан әрі – өкілетті орган) бақылайтын бюджеттік қаржы есебінен сыйақы төленеді.

**2. Лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға  
көмектескен ақпаратты бергені үшін сыйақы төлеу және  
бекітудің тәртібі**

3. Лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаларға өкілетті орган тарапынан сыйақы төленеді.

Сыйақы бір уақытта төленіп, келесі тәртіп бойынша бекітіледі:

1) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 255-бабының бірінші және екінші бөлімдерінде қарастырылған лаңкестікке қарсы қылмыстық істер бойынша – 750 (жеті жүз елу) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);

2) ҚК 255-бабының екінші және үшінші бөлімдерінде қарастырылған лаңкестікке қарсы қылмыстық істер бойынша – 1000 (бір мың) АЕК.

Лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлға сыйақыдан бас тартқан жағдайда өкілетті органның территориялық органына (бұдан әрі – территориялық орган) өтініш түседі.

4. Лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаларға сыйақы беріледі, егер кінәлі тұлға тарапына:

1) РҚ 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – ҚІЖК) 521-бабына сәйкес медициналық сипаттағы күштеу

шаралары қолданылғандығы туралы сот қаулысы немесе үкімі заңдық күшіне енген жағдайда;

2) Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабы, бірінші бөлімі, 9), 11), 12) тармақтарында көрсетілген қылмыстық іс тоқтатылғандығы жөнінде қаулы шыққан жағдайда.

5. Территориялық орган үш жұмыс күнінің ішінде лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаны сыйақы алу құқығы жөнінде хабардар етеді.

Лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғалар тұрғылықты мекенжайы бойынша территориялық органға аталған Ереженің 6-тармағы, 2), 4), 5) тармақшасында көрсетілген құжаттарды көрсетеді.

6. Территориялық орган аталған Ереженің 4-тармағына сәйкес сыйақы берілетін күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде өкілетті органның арнайы төрағасы (бұдан әрі – өкілетті бөлімшелер) келесі құжаттарды жібереді:

1) территориялық органның өтініші;

2) ескерту талонының көшірмесі;

3) Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабы, бірінші бөлімі, 9), 11), 12) тармақтарында көрсетілген қылмыстық істің тоқтатылғандығы туралы қаулының көшірмесі немесе сот қаулысының көшірмесі;

4) Лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаның ЖСН көрсетілген жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

5) Лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаның екінші деңгейлік банктегі жеке есеп шоты көрсетілген анықтама. Банктегі есеп шоты болмаған жағдайда тұлға кез келген екінші деңгейлі банктен есеп шот ашады.

7. Барлық құжат тапсырылған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде құрылымдық бөлімшелер құжаттарды тексеріп, лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаға сыйақы беру туралы бұйрық дайындайды.

Аталған ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттарды тексеру барысында қате анықталса құрылымдық бөлімшелер құжаттарды территориялық органдарға қайтарады, лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаға сыйақыны беру мерзімінің кешігу себептері түсіндіріліп, хабардар етіледі.

Территориялық орган аталған ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттарды он жұмыс күнінің ішінде қайта қарап, құрылымдық бөлімшелерге жібереді.

8. Сыйақы төлеу туралы құрылымдық бөлімшелердің бұйрығы шыққан кезден бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаның екінші деңгейлік банктегі жеке есеп шотына сыйақы аударылады.

9. Территориялық орган лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаның екінші деңгейлік банктегі жеке есеп шоты сыйақы аударылғандығын үш күннің ішінде хабарлайды.

---

Қазақстан Республикасының «Лаңкестікке қарсы әрекет туралы» Заңының 9-бабына сәйкес енді жоспарланған немесе жасалған лаңкестік актілер туралы мемлекеттік органдарға ақпарат беру азаматтық парыздың орындалуы ретінде бағаланады. Лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаларға ҚР ҰҚК тарапынан сыйақы беріледі.

ҚР Үкіметінің 2016 жылғы «9» қарашадағы № 685 қаулысы негізінде лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаларға сыйақы беру ережесі бекітілді.

Сыйақы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 255-бабы бойынша қарастырылған лаңкестікке қарсы қылмыстық істер бойынша – 750 (жеті жүз елу) айлық есептік көрсеткіштен 1000 (бір мың) айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленеді (2016 жылы 1 АЕК 2121 теңгені құрайды).

ҚР ҰҚК территориялық органы ақпарат берген тұлғаны үш күн ішінде сыйақы алу құқығы жөнінде хабардар етеді.

Сыйақы төлеу туралы құрылымдық бөлімшелердің бұйрығы шыққан кезден бастап 60 күн ішінде лаңкестік актісін алдын алуға немесе тоқтатуға көмектескен ақпаратты берген тұлғаның екінші деңгейлік банктегі жеке есеп шотына сыйақы аударылады. Ақпарат берген тұлға сыйақы алғаннан кейін үш күн ішінде сыйақыны алғандығы туралы хабар береді.

Лаңкестік актісі туралы ақпарат расталмаған жағдайда тұлға жауапкершілікке тартылмайды. Егер лаңкестік актісі туралы жалған ақпарат берсе жауапкершілікке тартылады (ҚР ҚК 273-бабы).

Сыйақы беру мен бекітудің нақты жолдары ҚР Үкіметінің 2016 жылғы «9» қарашадағы № 685 қаулысында көрсетілген ережелер негізінде бекітіледі.